

## 2011 жылға арналған жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік төлемдер сомалары мен құжаттар тізбесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 09 наурыздағы N 26 қаулысы. Павлодар облысы Ақтоғай ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 15 наурызда N 12-4-99 тіркелді. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімі аппарат басшысының 2013 жылғы 28 қазандағы N 26/1-28/361 хаты)

**Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімі аппарат басшысының 28.10.2013 N 26/1-28/361 хаты).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 14-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі "Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес, Ақтоғай ауданының әділет басқармасында 2010 жылғы 31 желтоқсанда N 12-4-93 тіркелген, Ақтоғай аудандық Мәслихатының (IV шақырылым, XXVIII сессия) 2010 жылғы 24 желтоқсандағы N 158/28 "2011 жылы әлеуметтік төлем алуға құқылы азаматтар санаттарын бекіту туралы" шешімін іске асыру және жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтоғай ауданының әділет басқармасында 2010 жылғы 31 қаңтарда N 12-4-93 тіркелген, Ақтоғай аудандық Мәслихатының (IV шақырылым, XXVIII сессия) 2010 жылғы 24 желтоқсандағы N 158/28 "2011 жылы әлеуметтік төлем алуға құқылы азаматтар санаттарын бекіту туралы" шешімінің 1-тармағында бекітілген 2011 жылға арналған жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек мөлшері мен құжаттар тізбесі белгіленсін:

1) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 1-тармақшасында (бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар) көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік

бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, бас бостандығынан айыру орындарынан босау туралы анықтамасының көшірмесі, жеке бас куәлігінің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шотының көшірмесі;

2) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 2-тармақшасында (онкология ауруынан емделуді қажет ететін азаматтар) көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, Павлодар облысы онкологиялық диспансерінің анықтамасы, жеке бас куәлігінің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот н ө м і р і н і ң к ө ш і р м е с і ;

3) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 3-тармақшасында (табыстары азық-түлік себетінің мөлшерінен аспайтын азаматтар) көрсетілген санаттағылар үшін – аудан әкімінің атына өтініш, ауылдық округ әкімінің қолдаухаты, тұрғын үй тұрмыстық жағдайларын зерттеу актісі, жеке бас куәлігінің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі, отбасы мүшелерінің табыстары туралы анықтама, қосалқы үй шаруашылығы туралы анықтама;

4) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 4-тармақшасында (табыстары азық-түлік себетінен аспайтын аз қамтамасыз етілген азаматтар, зейнеткерлер және 1, 2 топтағы мүгедектер) көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, тұрғын үй тұрмыстық жағдайларын зерттеу актісі, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі, отбасы мүшелерінің табыстары туралы анықтама, қосалқы үй шаруашылығы т у р а л ы а н ы қ т а м а ;

5) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 5-тармақшасында (Чернобыль атом электростанциясы апатының зардабын жоюға қатысушылар және Ауған соғысының жауынгерлері) көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі, Чернобыль атом электростанциясы апатының зардабын

жоюға қатысушының немесе Ауған соғысына қатысушы куәлігінің көшірмесі;

6) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 6-тармақшасында (атаулы әлеуметтік көмек және балалар жәрдемақысын алушы аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасындағы 18 жасқа дейінгі балалар, жетім балалар, ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған және мүгедек балалар) көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, "Ақтоғай ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің, "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің аталған санаттағы тұлғалар тізімдері, жеке бас куәлігінің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі, бір ата-ананың, қорғаншы немесе қамқоршысының азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы ;

7) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 7, 8-тармақшасында (орта мектептердің түлектері - облыс әкімінің гранты бойынша ауданға қажет педагогикалық кадрлар, медициналық қызметкерлер және басқа да мамандарды дайындауға жоғары оқу орындарында оқыту үшін және табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жетімдер және табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы жоғары оқу орындары мен колледждер студенттері және ауданға қажет педагогикалық кадр, медициналық қызметкер және басқа да мамандарды дайындау үшін ата-аналар қамқорлығынсыз қалған жетімдер) көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, тұрғын үй тұрмыстық жағдайларын зерттеу актісі, білім беру қызметін көрсетуге арналған үш тарапты келісім-шарттың көшірмесі, интерн бойынша оқуға арналған келісім-шарттың көшірмесі, жеке бас куәлігінің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу туралы кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі ;

8) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 9-тармақшасында (Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектері) көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, ауылдық округ әкімінен көрсетілген санаттағы тұлғалар тізімі, Соғыс және еңбек ардагерлер кеңесінің қолдаухаты, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу туралы кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы,

жеке есептік шотының көшірмесі;

9) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 10-тармақшасында (Ұлы Отан соғысына қатысушыларына теңестірілгендер:

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда мінсіз жауынгерлік қызмет және жанкешті еңбегі үшін бұрынғы КСРО орденімен және медалімен марапатталған тұлғалар ;

қайтадан неке құрмаған Ұлы Отан соғысында қайтыс болған жауынгерлер жесірлері ;

бейбіт өмірде қайтыс болған Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің қайтадан неке құрмаған жесірлері ;

гетто және шоғырландыру лагерлердің тұтқындары) көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, " Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнет ақы төлеу мемлекеттік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Павлодар облыстық филиалы Ақтоғай аудандық бөлімінің көрсетілген санаттағы тұлғалар тізімі, аудандық соғыс және еңбек ардагерлері кеңесімен келістірілген ауылдық округ әкімдерінен аталған санаттағы тұлғалар тізімі. Тізімдерде толық тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, тұрғылықты мекен жайы, жеке есептік шоты көрсетілген;

10) **Алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2011.12.07 N 220 қаулысымен ;**

11) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 12-тармақшасында ("Ақтоғай ауданының туберкулезге қарсы ауруханасы" мемлекеттік мекемесінде тіркеуде тұрған туберкулезбен ауыратындар және оқу орындарында анықталған және Ақтоғай ауданында тіркелген туберкулезбен ауыратын жоғары оқу орындарының және колледж студенттері) көрсетілген санаттағылар үшін - " Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, "Ақтоғай ауданының туберкулезге қарсы ауруханасы" мемлекеттік мекемесінің анықтамасының түпнұсқасы, студенттерге аурудың анықталу жерінен туберкулезге қарсы аурухананың анықтамасының түпнұсқасы, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шотының көшірмесі, бір ата-ананың құжаттар көшірмесі, туу туралы куәлік;

12) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 13-тармақшасында (үш тарапты келісімшарт жасасқан жоғары медициналық оқу орындарының соңғы курс және интернатура студенттері) көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі

бастығының атына өтініш, үш тарапты келісім шарттың көшірмесі, соңғы курста оқығанын растайтыны туралы оқу орнынан анықтама, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы;

13) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 14-тармақшасында (балалық сал ауруымен ауыратын мүгедек-балалары бар отбасылары) көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі, баланың мүгедектігін анықтайтын медициналық-әлеуметтік сараптама анықтамасының көшірмесі, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, бір ата-ананың жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі;

14) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 15-тармақшасында (жерлеу үшін табысына және отбасы құрамына тәуелсіз келесі санаттағы азаматтардың (зейнетақы және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушы тұлғалардан басқа) отбасылары :

жұмыспен қамту орталығында тіркеуде тұрған жұмыссыздар; жұмыспен қамту ұйымдарында тіркеуде тұрғанына қарамастан зейнетақылық жасқа дейінгі жұмыс істемегендер: ер азаматтар - 60 жастан, әйел адамдар - 55 ж а с т а н ;

жұмыспен қамту ұйымдарында тіркеуде тұрғанына және жасына қарамастан жұмыс істемеген Ауған соғысының іс - әрекетіне қатысушылар, Чернобыль атом электростанциясының апатын жоюға қатысушылар) көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, қайтыс болғанын растайтын куәлік, жеке бас куәліктің көшірмесі, Чернобыль атом электростанциядағы апат салдарын жоюға қатысушы куәліктің көшірмесі немесе Ауған соғысына қатысушы куәлігінің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, қайтыс болғанның жерлеу рәсімін өткізген тұлғаның жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі;

15) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 16-тармақшасында (табысына тәуелсіз балалық шағынан 18 жасқа дейінгі мүгедек-балаларды тәрбиелеуші отбасылар) көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, баланың мүгедектігін анықтайтын медициналық-әлеуметтік сараптама анықтамасының көшірмесі, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық

төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, бір ата-ананың жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі, баланың тууы туралы куәлігі;

16) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 17-тармақшасында (облыс әкімінің гранты бойынша оқыған аз қамтылған отбасы балаларынан басқа, ағымдағы жылы ауданға жұмысқа орналасуға келген жоғары медициналық оқу орындарының түлектері және мамандықтары бойынша жұмысқа орналастырылған жас мамандар) көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі, еңбек келісім-шартының көшірмесі, жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі, оқу орнын оқып бітіргені туралы дипломының көшірмесі, оқу орны жолдамасының көшірмесі;

17) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 18-тармақшасында (табысына қарамастан өрт, су тасқыны және басқа апаттық жағдайлардан үй жиһаздарының, киім-кешектердің, пәтерлердің, мал ұстайтын қысқы тұрғын жайлардың толық немесе жартылай бүлінуінен өмір сүру тіршілігінсіз қалған тұлғалар (бұрын алынған бір жолғы көмекке қарамастан) көрсетілген санаттағылар үшін – аудан әкімінің атына өтініш, өртке қарсы қызметтің қорытындысының (анықтаманың) көшірмесі, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі;

18) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 19-тармақшасының 1 абзацында (жеке шаруашылығын дамыту мақсатында мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және балалар жәрдемақысын алушылар санатындағы азаматтар ) көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, ауылдық округ әкімінің қолдау хаты, тұрғын үй тұрмыстық жағдайларын зерттеу актісі, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі, малдың бары (жоғы) туралы ауылдық округ ветеринарының анықтамасы, сатып алынатын малдың төлқұжаты, малды сатып алу туралы ниет-шарты, малды сатып алу туралы баламалы ниет-шарты;

аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 19-тармақшасының 2 абзацында ( аудан әкімінің атына өтініші бойынша жеке шаруашылығын дамыту, мал және қатты азық сатып алу мақсатында табыстары азық-түлік себетінен аспайтын,

азаматтар) көрсетілген санаттағылар үшін - аудан әкімінің атына өтініш, ауылдық округ әкімінің қолдау хаты, тұрғын үй тұрмыстық жағдайларын зерттеу актісі, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі, малдың бары (жоғы) туралы ауылдық округ ветеринарының анықтамасы, сатып алынатын малдың төлқұжаты, малды сатып алу туралы ниет-шарты, малды сатып алу туралы баламалы ниет-шарты;

19) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 20-тармақшасында (аз мөлшерде зейнетақы алушы зейнеткерлер) көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, "Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетақы төлеу мемлекеттік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын Павлодар облыстық филиалы Ақтоғай аудандық бөлімінің аталған санаттағы тұлғалар тізімі, тізімдерде толық тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, тұрғылықты мекен жайы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі;

20) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 21-тармақшасында ("Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жолдамасы бойынша кәсіби техникалық оқу мекемелерінің оқушылары) көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жолдамасының көшірмесі, оқушының сабаққа қатысу табелі, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі;

21) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 22-тармақшасында (16 жасқа дейінгі мүгедек-балалар және барлық топтағы мүгедектер) көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, мүгедектігін анықтайтын медициналық-әлеуметтік сараптама анықтамасының көшірмесі, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі, 16 жасқа дейінгі мүгедек балалардың 1 ата-ананың құжаттар көшірмелері, туу туралы куәлік;

22) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 23-тармақшасында (18 жасқа

дейінгі жетім балалар, ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балалар, жоғары оқу орындарын және колледждерді бітіргенге дейін жоғары көрсетілген санаттағы студенттер) көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, "Ақтоғай ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің аталған санаттағы тұлғалар тізімі, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, қорғаншы немесе қамқоршының жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі ;

23) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 24-тармақшасында (бейбіт өмірде қайтыс болған әскери қызметкерлерінің отбасылары) көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, "Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнет ақы төлеу мемлекеттік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын Павлодар облыстық филиалы Ақтоғай аудандық бөлімінің аталған санаттағы тұлғалар тізімі, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шотының көшірмесі, кәмелеттік жасқа толмаған балалар үшін қорғаншы немесе қамқоршының құжаттар көшірмесі ;

24) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 25-тармақшасында (жалғызділікті зейнеткерлер) көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, ауылдық округ әкімінен жалғызділікті зейнеткерлер тізімі, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі;

25) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 26-тармақшасында (уақытында, 12 аптаға дейін емдеу мекемесіне жүктілігі бойынша тіркеуге тұру үшін жүгінген жүкті әйелдер) көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, 12 аптаға дейін жүктілігі бойынша есепке тұрғаны жөнінде медициналық анықтамасының түпнұсқасы, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі;

26) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 27-тармақшасында (қант



диабетімен ауыратын азаматтар) көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, науқастың "Ақтоғай аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорында тіркеуде тұрғаны туралы анықтама, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі, қант диабетімен ауырған балаларға 1 ата-анасының құжат көшірмелері және баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;

27) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 28-тармақшасында (1 жасқа дейін кеуде сүтімен емізу жасындағы балалары бар аналар) көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, баланың жасанды тамақтандыруда болатыны жөнінде растайтын медициналық мекеме анықтамасы, баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, 1 ата-ананың жеке шот нөмірінің көшірмесі;

28) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 29-тармақшасында (Астана қаласына саяхаттық сапарға баруға ҰОС және еңбек ардагерлері, тыл еңбеккерлері, көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке шот нөмірінің көшірмесі.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2011.12.07 N 220 (жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Әлеуметтік төлемдер Ақтоғай ауданының әділет басқармасында 2010 жылғы 31 қаңтарда N 12-4-93 тіркелген, Ақтоғай аудандық Мәслихатының (IV шақырылым, XXVIII сессия) 2010 жылғы 24 желтоқсандағы N 158/28 "2011 жылы әлеуметтік төлем алуға құқылы азаматтар санатын бекіту туралы" шешімінің 1-тармағында бекітілген санаттағы азаматтарға келесі мөлшерде т а ғ а й ы н д а л а д ы :

1) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 1-тармақшасында (бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін - өтініш түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде 4 айлық есептік көрсеткіші мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек;

2) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 2-тармақшасында (онкология

ауруынан емделуді қажет ететін азаматтар) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін - өтініш түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде 6 айлық есептік көрсеткіші мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

3) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 3-тармақшасында (табыстары азық-түлік себетінің мөлшерінен аспайтын азаматтар) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін - өтініш түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде халықтың әлеуметтік әлжуаз топтарына әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіру жөніндегі аудандық комиссиясының шешімі бойынша біржолғы материалдық көмек;

4) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 4-тармақшасында (табыстары азық-түлік себетінен аспайтын аз қамтамасыз етілген азаматтар, зейнеткерлер және 1, 2 топтағы мүгедектер) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін - халықтың әлеуметтік әлжуаз топтарына әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіру жөніндегі аудандық комиссияның шешімі бойынша өтініш түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде үш тонна көмірге белгіленген баға бойынша біржолғы материалдық көмек ;

5) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 5-тармақшасында (Чернобыль атом электростанциясы апатының зардабын жоюға қатысушылар және Ауған соғысының жауынгерлері) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін сауықтыру және коммуналдық қызмет көрсетуді өтеу үшін 2,5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде ай сайынғы материалдық көмек;

6) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 6-тармақшасында (атаулы әлеуметтік көмек алушы және балалар жәрдемақысын алушы аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасындағы 18 жасқа дейінгі балалар, жетім балалар, ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған және мүгедек балалар) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін - жаңа оқу жылына 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде материалдық көмек көрсетіледі;

7) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 7-тармақшасында (орта мектептерінің түлектері - облыс әкімінің гранты бойынша ауданға қажет педагогикалық кадрлар, медициналық қызметкерлер және басқа да мамандарды дайындау үшін жоғары оқу орындарында оқыту үшін табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы, ата-аналар қамқорлығынсыз қалған жетімдер) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін - үш тарапты келісімшарт негізінде ай сайынғы материалдық көмек;

8) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 8-тармақшасында (табысы күнкөрістің ең төмен деңгейінен аспаған аз қамтамасыз етілген отбасындағы студенттер және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жетімдер – ауданға қажет педагогикалық кадр, медициналық қызметкер және басқа да мамандарды дайындау үшін) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін - өмір сүруге, тамақтандыруға, мекен жайына барып, кері қайту төлемдері бойынша 7000 теңге

мөлшерінде ай сайынғы материалдық көмек;

9) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 9-тармақшасында (Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектері) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін:

а) дәрі сатып алу үшін 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайынғы материалдық көмек;

б) Жеңіс күніне орай 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

в) баспасөз басылымына жазылу жөнінде нақтылы бағасы бойынша, өтініш түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде біржолғы материалдық көмек;

г) жол жүру билетінің барына қарамастан тұрғылықты орнынан облыстық орталыққа бару және кейін қайтуға жол ақысын төлеу үшін, өтініш түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тоқсан сайынғы материалдық көмек;

д) тұрғын үйдің ағымдағы жөндеуі үшін өтініш түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде 6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде материалдық көмек;

е) республикалық госпитальдерге жол жүру құжаттар негізінде жол ақысын төлеу үшін өтініш түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде біржолғы материалдық көмек;

10) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 10-тармақшасында (Ұлы Отан соғысына қатысушыларына теңестірілгендер:

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда мінсіз жауынгерлік қызмет және жанкешті еңбегі үшін бұрынғы КСРО орденімен және медалімен марапатталған тұлғалар ;

қайтадан неке құрмаған Ұлы Отан соғысында қайтыс болған жауынгерлер жесірлері ;

бейбіт өмірде қайтыс болған Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің қайтадан неке құрмаған жесірлері ;

гетто және шоғырландыру лагерлердің тұтқындары) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін Жеңіс күніне арналған біржолғы материалдық көмек:

а) қайта некеге тұрмаған Ұлы Отан соғысында қаза болған жауынгерлердің жесірлеріне, тылда Ұлы Отан соғысы кезінде адал еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін КСРО медальдарымен және ордендерімен марапатталған тұлғаларға, бейбіт уақытта қайтыс болған Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің қайта некеге тұрмаған жесірлеріне, концентрациялық және гетто лагерлерінің тұтқындарына, Чернобыль атом электростанциясы апатының зардабын жоюға қатысушыларға және Ауған соғысына қатысушыларға, өтініш түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

б) шоғырландыру және гетто лагерлерінің тұтқындарына коммуналдық қызмет ақысын төлеу үшін ай сайынғы 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде

м а т е р и а л д ы қ

к ө м е к ;

11) Алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2011.12.07 N 220 қ а у л ы с ы м е н ; ;

12) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 12-тармақшасында ("Ақтоғай ауданының туберкулезге қарсы ауруханасы" мемлекеттік мекемесінде тіркеуде тұрған туберкулезбен ауыратындар және оқу орындарында анықталған Ақтоғай ауданында тіркелген туберкулезбен ауыратын жоғары оқу орындарының және колледж студенттері) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін - жақсы тамақтандыру, облыс бойынша емделуіне байланысты жол ақысын төлеу үшін өтініш түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде 22 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

13) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 13-тармақшасында (үш тарапты келісімшарт жасасқан жоғары медициналық оқу орындарының соңғы курс және интернатура студенттері) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін - оқыту бойынша үш тарапты келісім шарт негізіндегі мөлшерінде материалдық көмек;

14) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 14-тармақшасында (балалық сал ауруымен ауыратын мүгедек-балалары бар отбасылар) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін - облыстық оңалту орталығына жіберу үшін 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы материалдық көмек, 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайынғы материалдық көмек;

15) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 15-тармақшасында (жерлеу үшін табысына және отбасы құрамына тәуелсіз келесі санаттағы азаматтардың отбасыларына, (зейнетақы және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушы т ұ л ғ а л а р д а н б а с қ а ) ;

жұмыспен қамту орталығында тіркеуде тұрған жұмыссыздар;

жұмыспен қамту органында тіркеуде тұрғанына қарамастан зейнетақылық жасқа дейінгі жұмыс істемегендер: ер азаматтар - 60 жастан, әйел адамдар - 55 ж а с т а н ;

жұмыспен қамту органында тіркеуде тұрғанына және жасына қарамастан жұмыс істемеген Ауған соғысының іс-әрекетіне қатысушылар, Чернобыль атом электростанциясының апатын жоюға қатысушылар) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін - өтініш түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде материалдық көмек;

16) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 16-тармақшасында (табысына қарамастан балалық шағынан 18 жасқа дейінгі мүгедек-балаларды тәрбиелеуші отбасылар) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін - өтініш түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы м а т е р и а л д ы қ к ө м е к ;

17) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 17-тармақшасында (облыс

әкімінің гранты бойынша оқыған аз қамтылған отбасы балаларынан басқа, ағымдағы жылы ауданға жұмысқа орналасуға келген жоғары медициналық оқу орындарының түлектері және мамандықтары бойынша жұмысқа орналастырылған жас мамандар) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін - медицина қызметкерлеріне, жоғарғы оқу орнын бітіруші түлектерге – 250 мың теңге мөлшерінде, отбасылыларға, егер отбасында екі дәрігер болса - 500 мың теңге мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек;

18) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 18-тармақшасында (табысына қарамастан өрт, су тасқыны және басқа апаттық жағдайлардан үй жиһаздарының, киім-кешектердің, пәтерлердің, мал ұстайтын қыстық бөлімшелердің толық немесе жартылай бүлінуінен өмір сүру тіршілігінсіз қалған тұлғалар (бұрын алынған бір реттік көмекке қарамастан) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін халықтың әлеуметтік әлжуаз топтарына әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіру жөніндегі аудандық комиссиясының шешімі бойынша, өтініш түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде 100 айлық есептік көрсеткіштен артық емес біржолғы материалдық көмек көрсетіледі;

19) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 19-тармақшасында (аз қамтамасыз етілген азаматтар:

жеке шаруашылығын дамыту мақсатында мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және балалар жәрдемақысын алушылар санатындағы азаматтар;

аудан әкімінің атына өтініші бойынша жеке шаруашылығын дамыту, мал және қатты азық сатып алу мақсатында табыстары азық-түлік себетінен аспайтын азаматтар) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін - шаруашылығын дамыту, мал және қатты азық сатып алу мақсатында халықтың әлеуметтік әлжуаз топтарына әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіру жөніндегі аудандық комиссиясының шешімі бойынша, өтініш түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде 70 айлық есептік көрсеткіштен артық емес біржолғы материалдық көмек көрсетіледі;

20) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 20-тармақшасында (аз мөлшерде зейнетақы алушы зейнеткерлер) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін - коммуналдық қызметтерін өтеуге тоқсан сайын, өтініш түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде материалдық көмек;

21) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 21-тармақшасында ("Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бағыттамасы бойынша кәсіби техникалық оқу мекемелерінің оқушылары) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін - шәкіртақыларын өтеуге ай сайын 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде материалдық көмек;

22) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 22-тармақшасында (16 жасқа дейінгі мүгедек-балалар және барлық топтағы мүгедектер) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін - өтініш түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде 1 айлық

есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

23) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 23-тармақшасында (18 жасқа дейінгі жетім балалар, ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балалар, жоғары оқу орындарын және колледждерді бітіргенге дейін жоғары көрсетілген санаттағы студенттер) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін - өтініш түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

24) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 24-тармақшасында (бейбіт өмірде қайтыс болған әскери қызметкерлерінің отбасылары) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін - өтініш түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

25) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 25-тармақшасында (жалғызілікті зейнеткерлер) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін - коммуналдық қызметтерін өтеуге тоқсан сайын, өтініш түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде материалдық көмек;

26) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 26-тармақшасында (уақытында, 12 аптаға дейін емдеу мекемесіне жүктілігі бойынша тіркеуге тұру үшін жүгінген жүкті әйелдер) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін - өтініш түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

27) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 27-тармақшасында (қант диабетімен ауыратын азаматтар) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін - өтініш түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде дәрілік құралдарын өтеуге 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

28) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 28-тармақшасында (1 жасқа дейін кеуде сүтімен емізу жасындағы балалары бар аналар) көрсетілген санаттағы азаматтар үшін - бала азығын алуға тоқсан сайын, өтініш түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде материалдық көмек;

29) аудандық Мәслихат шешімінің 1-тармағы 29-тармақшасында (Астана қаласына саяхаттық сапарға баруға ҰОС және еңбек ардагерлері, тыл еңбеккерлері, көрсетілген санаттағы азаматтар үшін - белгіленген баға бойынша біржолғы материалдық көмек.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2011.12.07 N 220 (жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. "Ақтоғай ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Жергілікті өкілетті орындардың шешімі бойынша жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек" 007 бағдарлама бойынша бюджеттік қаражаттандыру

шамасында уақтылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Төлемақылар "Қазпочта", "Халық банкі" акционерлік қоғамы филиалдары арқылы өтініш берушілердің жеке есеп шоттарына ақша қаражаттарын аудару жолымен жүзеге асырылады.

5. Әлеуметтік төлемдерді төлеу мәселелерін шешетін алғашқы құжаттар (хаттама, тексеру актілері, анықтамалар, тізімдер және тағы басқалары) "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде 3 жыл сақталады.

6. "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі әр айдың 20 күніне "Ақтоғай ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бюджеттік бағдарламалар бойынша әлеуметтік төлемдерді қамтамасыз ету үшін қаражат қажеттілігі туралы сұраныс ұсынсын.

7. "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі әр айдың 1 күніне дейін "Ақтоғай ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне әлеуметтік төлемдерге арналған қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп ұсынсын.

8. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.З.Ысқақоваға жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*Ж. Қожанов*